

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын және халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифі бекіту туралы

Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 маусымдағы № 4-10 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 5053 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Мойынқұм ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мойынқұм аудандық
мәслихатының төрағасы*

Н. Саурыков
Мойынқұм аудандық мәслихаты 2023
жылғы 23 маусымдағы № 4-10
шешіміне қосымша

Мойынқұм ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері

Атауы	Есептік бірлік	Қосылған құн салығынсыз, теңге
Жайлы үйлер	айына 1 тұрғынға	120,00
Жайлы емес үйлер	айына 1 тұрғынға	144,00
Бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м ³	1440,00